

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2024 жылы мемлекеттер пайдасына жасаған төлемдер жөніндегі есеп

Кіріспе

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) үздік халықаралық тәжірибелерге сай болу мақсатында 2024 жылы ҚМГ мен өзінің еншілес компанияларын қоса алғанда, мемлекеттерге жасаған төлемдерден тұратын жалпы шолу есебін жариялайды.

Бұл есеп 2014 жылғы Ұлыбританияның Мемлекеттердің пайдасына төлем жасау жөніндегі есептер туралы қағидаларына (2015 жылғы желтоқсанда енгізілген өзгерістермен) сәйкес әзірленді. Аталған Қағидалар өзгерістер мен толықтырулары бар 2013 жылғы Есептілік туралы директиваның «Мемлекеттердің пайдасына төлем жасау жөніндегі есептер туралы» актісінің 10-тарауының талаптарына негізделген. Осы Қағидаларға сәйкес Ұлыбританияда тіркелген мұнай, газ, тау-кен және ағаш дайындау саласындағы компаниялар жыл сайын елдер мен жобалар бойынша мемлекеттердің пайдасына жасаған төлемдер туралы ақпаратты жария етуі тиіс.

Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ — Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (67,42%), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (20%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%). Сондай-ақ ациялардың 3% еркін айналымда.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша жетекші орнын сақтап қалды.

ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін жете түсінеді және бұл ресурстарды ұтымды пайдалану мен қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайды.

Есеп беретін компаниялар

Бұл есеп Компания және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) мемлекеттердің пайдасына жүргізген ақша аударымдары туралы ақпаратты қамтиды.

Есепті кезең және есептің шекаралары

Есепті кезең – 2024 жыл.

Есептілік жүйесін пайдалану мемлекеттер пайдасына жүргізілген аударымдар бойынша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді, Компанияның мемлекеттерге жасаған төлемдердің ашықтығын арттыруға, өндіруші компаниялардың сектордан түсетін кірістер мәселесіндегі жауапкершілігін күшейтуге, компанияның өңірлердегі қызметі туралы ақпаратты тұрғындар арасында тарату деңгейін арттыруға бағытталған, сондай-ақ Компанияның есептерін мұнай-газ саласындағы жетекші халықаралық компаниялардың есептерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Компания ақпаратты жария етудің ең үздік тәжірибелеріне сай мемлекеттердің пайдасына жүргізілген аударымдар бойынша бұл есепті жариялайды. Есеп аясында Компанияның және оның көмірсутек өндіру, тасымалдау мен өңдеу саласындағы, сондай-ақ мұнай-сервистік қызмет көрсететін еншілес ұйымдарының қызметі қаралады.

Үкімет

Есептің мақсаттары үшін «Үкімет» термині жарнаны немесе төлемді төлеу мерзімі басталған кезде қолданыста болатын заңнамаға сәйкес салықты, бюджеттік және өзге де төлемдерді жинауға уәкілетті кез келген билік органына қатысты пайдаланылады. Бұл Есеп тұрғысында үкіметтер деген ұғымға мемлекет пайдасына салық, алым және басқа да төлем алуға құқы бар ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және басқа да заңды тұлғалар кіреді.

Компаниялар

Бұл есепте компаниялар деп ақша аударымдары бойынша мәліметтері қамтылған компаниялар түсіндіріледі.

Мемлекет пайдасына аударымдар

Ақпарат төменде келтірілген төлем түрлері бойынша ұсынылған:

Салық

Пайдалы қазбаларды өндіру салығынан басқа барлық салық.

пқөс

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы – жер қойнауын пайдаланушының өндірілетін минералдық шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке-жеке төленетін міндетті төлемі. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы салынатын нысан – бұл жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңі ішінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі.

Қол қою бонусы

Қол қою бонусы – жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын иелену үшін біржолғы тіркелген төлемі.

Өзге төлемдер

Өзге төлемдер экспорттық кеден бажын қоса алғанда, мемлекеттерге жасалатын барлық қалған төлемді қамтиды.

Валюта

Есеп Қазақстан теңгесімен ұсынылып отыр, ол функционалдық валюта және Компанияның қаржы есебінде пайдаланылатын валюта. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция күні қолданыста болатын бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыстағы функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

Байланыс деректері

Бұл есеп және Компанияның қызметі туралы қосымша ақпарат корпоративтік веб-сайтта жарияланған: www.kmg.kz.

Бұл есепте ұсынылған ақпаратқа қатысты сұрақтарыңызды мына мекен-жайға жолдауға болады: Z05H9E8, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев к-сі, 8, Инвесторлармен жұмыс басқармасы.

Тел. +7 7172 78 63 43

E-mail: ir@kmg.kz

Елдер мен компаниялар бойынша 2024 жылғы есеп (мың теңге)

Мемлекет	Салық	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	Қол қою бонусы	Өзгесі	Жиыны
Қазақстан	856 178 212	69 780 853	347 627	153 439 124	1 079 745 817
«Өзенмұнайгаз» АҚ	162 081 155	28 185 705	-	59 772 898	250 039 758
«ПМХЗ» ЖШС	142 800 874	-	-	438 786	143 239 660
«АМӨЗ» ЖШС	154 325 074	-	-	575 032	154 900 106
«Ембімұнайгаз» АҚ	88 916 546	37 484 807	347 141	41 437 706	168 186 200
ҚМГ Қарашығанақ	45 715 512	-	-	1 162 178	46 877 690
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	42 298 910	-	-	33 766 385	76 065 295
«ҚазТрансОйл» АҚ	45 891 850	1 558	-	206 787	46 100 195
Басқалар	174 148 291	4 108 783	486	16 079 352	194 336 912
Румыния	750 786 182	-	-	7 325 460	758 111 642
KMG International N.V.	750 786 182	-	-	7 325 460	758 111 642
Болгария	40 106 294	-	-	44 584	40 150 878
KMG International N.V.	40 106 294	-	-	44 584	40 150 878
Молдова	80 847 564	-	-	1 377 425	82 224 989
KMG International N.V.	80 847 564	-	-	1 377 425	82 224 989
Грузия	39 362 907	-	-	-	39 362 907
KMG International N.V.	37 683 246	-	-	-	37 683 246
«ҚазТрансОйл» АҚ	1 679 660	-	-	-	1 679 660
Швейцария	1 931 680	-	-	45 523	1 977 203
KMG International N.V.	1 931 680	-	-	45 523	1 977 203
Нидерланд	9 363 588	-	-	-	9 363 588
KMG International N.V.	267 037	-	-	-	267 037
Cooperative KazMunaiGaz U.A.	6 525 286	-	-	-	6 525 286
Cooperative KMG EP U.A.	1 703 041	-	-	-	1 703 041
Өзгесі	868 224	-	-	-	868 224
Ұлыбритания	1 289 664	-	-	-	1 289 664
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚК» ЖШС	1 289 664	-	-	-	1 289 664
Әзербайжан	246 861	-	-	31 877	278 738
«KMG Drilling & Services» ЖШС	246 861	-	-	31 877	278 738
Ресей Федерациясы	9 029 266	-	-	-	9 029 266
КҚК-Р	9 025 931	-	-	-	9 025 931
Өзгесі	3 335	-	-	-	3 335
БАРЛЫҒЫ	1 789 142 218	69 780 853	347 627	162 263 994	2 021 534 693

2024 жылы мемлекеттерге жүргізілген аударымдар бойынша есеп (мың теңге)

Мемлекет	Салық	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	Қол қою бонусы	Өзгесі	Жиыны
Қазақстан	856 178 212	69 780 853	347 627	153 439 124	1 079 745 817
Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры	204 694 616	69 780 853	347 141	237 233	275 059 843
Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті	263 208 841	-	486	147 525 822	410 735 149
Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттері	388 274 755	-	-	5 676 070	393 950 825
Румыния	750 786 182	-	-	7 325 460	758 111 642
Мемлекет бюджеті	750 786 182	-	-	6 798 425	757 584 607
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	-	-	-	-	-
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-	-	-	527 035	527 035
Болгария	40 106 294	-	-	44 584	40 150 878
Мемлекет бюджеті	39 763 698	-	-	-	39 763 698
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	293 788	-	-	-	293 788
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің орталықтандырылған бюджеті	48 808	-	-	44 584	93 393
Молдова	80 847 564	-	-	1 377 425	82 224 989
Мемлекет бюджеті	78 813 575	-	-	-	78 813 575
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	2 033 520	-	-	-	2 033 520
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	469	-	-	1 377 425	1 377 894
Грузия	39 362 907	-	-	-	39 362 907
Мемлекет бюджеті	38 735 439	-	-	-	38 735 439
Жекеменшік зейнетақы қоры	627 467	-	-	-	627 467
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-	-	-	-	-
Швейцария	1 931 680	-	-	45 523	1 977 203
Федералды бюджет	1 931 680	-	-	45 523	1 977 203
Кантондық бюджет	-	-	-	-	-
Муниципалды бюджет	-	-	-	-	-
Жекеменшік мекемелердің бюджеті (федералды заңмен реттеледі)	-	-	-	-	-
Нидерланд	9 363 588	-	-	-	9 363 588
Мемлекеттік бюджет	9 150 943	-	-	-	9 150 943

Мемлекеттік емес зейнетақы қоры	208 843	-	-	-	208 843
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	3 803	-	-	-	3 803
Ұлыбритания	1 289 664	-	-	-	1 289 664
Мәртебелінің кірістері мен кедендік алымдары	1 289 664	-	-	-	1 289 664
Әзербайжан	246 861	-	-	31 877	278 738
Ортақ мемлекеттік бюджет	246 861	-	-	31 877	278 738
Ресей Федерациясы	9 029 266	-	-	-	9 029 266
Федералды бюджет	9 029 266	-	-	-	9 029 266
Субъектілер бюджеттері	-	-	-	-	-
Жергілікті бюджеттер	-	-	-	-	-
Германия	-	-	-	-	-
Федералды бюджет	-	-	-	-	-
БАРЛЫҒЫ	1 789 142 218	69 780 853	347 627	162 263 994	2 021 534 693

OECD (BEPS Action 13 Country-by-Country reporting) және GRI 207:Tax талаптарына сәйкес елдер бойынша 2024 жылғы есеп (мың теңге)

Салық юрисдикциясы	Қызметкерлер саны және бұл деректерді есептеу тәсілі	Үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер бойынша кіріс сомасы	Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер бойынша кіріс сомасы және топішілік транзакциялар	Салық салынғанға дейінгі пайда / шығын сомасы	Материалдық емес активтерді, сондай-ақ ақша қаражаты мен олардың баламаларын қоспағанда, активтер жиынтығы	Төленген пайда салығының сомасы (ақша қаражатының қозғалысы туралы есептегі кассалық әдіс)	Есептелген пайда салығының сомасы, КТС бойынша сома	Жарғы капиталы	Жиналған пайда / шығын
Қазақстан	36 733	2 228 545 339	2 018 161 777	1 357 630 388	3 260 846 778	111 643 531	(168 527 204)	2 692 659 440	645 168 561
Нидерланд	21	1 291 602 168	2 636 502	(260 042 191)	-	2 000 352	(525 775)	2 919 639 509	(1 781 184 756)
Румыния	3 938	1 717 033 517	1 091 817 285	(14 799 108)	738 126 427	2 161 828	(2 898 281)	605 392 515	(689 691 533)
Болгария	82	124 516 413	-	(1 043 921)	24 327 181	-	-	17 107 382	(14 406 030)
Молдова	1 028	113 226 298	-	301 981	7 598 890	-	(81 133)	622 854	9 376 225
Грузия	1 995	94 606 084	1 464 035	1 167 624	52 475 002	-	-	2 844 249	11 804 625
Ұлыбритания	8	-	1 025 100	(21 313)	4 261	5 965	(426)	4 992 177	(5 520 222)
Араб Әмірліктері	14	3 860 104	-	252 663	19 173	-	(74 134)	25 610 306	(14 648 400)
Түркия	-	43 182	138 832	-	3 726 687	-	-	2 590 696	(3 642 692)
Маршалл аралдары	2	-	3 849 026	514 680	27 154 508	-	-	426	7 689 105
Әзербайжан	-	6 392 852	-	537 230	323 424	-	-	-	(3 744 128)
Ресей	-	-	-	(12 087)	684 464	-	-	-	-
Мэн аралы	1	2 776 633	31 607 687	(2 518 867)	409 018	-	-	1 331	(2 025 489)
Бермуд аралдары	1	320 823	-	188 319	-	-	-	-	7 476 075
Ливия	2	469 826	-	165 762	-	-	-	-	-
Швейцария	21	1 993 562 370	1 147 480 488	9 219 970	139 522	856 381	(962 589)	372 973	54 984 536
Барлығы:	43 846	7 576 955 609	4 298 180 733	1 091 541 132	4 115 835 334	116 668 057	(173 069 543)	6 271 833 858	(1 778 364 124)